



Ата-ана бақылауы

Кейбір немесе барлық арналардың көрсетіліміне тұрақты немесе белгілі бір уақытта шектеу қою үшін, бұл шектеулер әрекет ететін профильді ашу керек. Жаңа профильді ашу үшін «Баптаулар» -> «Профильдер» бөліміне кіріп, бұдан соң пультегі жасыл түсті «ПРОФИЛЬДІ АШУ» батырмасын басу керек.




Жасыл түсті батырманы басқаннан соң ЖАҢА ПРОФИЛЬДІ көресіз.




Жаңа профильге кіргеннен соң ПИН-кодты енгізуге арналған терезе ашылады. Үнсіз келісім бойынша Пин-код нөмірі 1111, оны енгізгеннен соң жасыл түсті батырманы басып, «Иә, барлығы дұрыс» деп әрекетіңізді растайсыз. Профильдерді баптау кезінде негізгі профильдің пин коды

енгізіледі.




Ашылған терезеде келесідей баптауларды орындауға болады:

1. Профиль пиктограммасы (профиль суретін өзгерту)
2. Профиль аты (оның аталуы)
3. Профиль тілі (орыс, қаз., ағылшын)
4. Жас рейтингі (егер рейтинг 18+ болса, амедиатека қолжетімді болмайды)
5. Пин-кодты өзгерту (профильге қатынау коды). Пин-кодты өзгертсеңіз, міндетті түрде бір жерге жазып қойыңыз
6. Қарау кезінде пин-кодты сұрау (пин кодты өшіруге де болады)
7. Арналарды бұғаттауға рұқсат беру (жеке кабинет-арналарды сұрыптау бөлімінде көрсетіліміне шек қойылған арналарды өшіріп тастауға болады)
8. Сұрау бойынша видео (мегого және амедиатека фильмдер мен телехикаялар қорын өшіру және қосу)
9. Уақыт бойынша шектеу (ТВ контентті қай күндері және қай уақытта көруге болады)
10. Телебағдарлама түрі (тізім немесе кесте. Тізім қолданыста қолайлырақ)




Көрсетілімді шектеуді баптау жөніндегі 9-тармақты толығырақ қарастырып өтейік.


Бұл баптау көмегімен ТВ контентті қарау үшін қолжетімді уақытты, сондай-ақ апта күндерін белгілеуге болады. Мысалға, көрсетілім уақыты сенбі және жексенбі күндері 19:00 бастап 7:59 дейін деп бапталған. Баптауларды сақтау үшін қызыл түсті ҚОЛДАНУ батырмасын басыңыз.




Пайдаланушы өз профілі атынан кіруге әрекет жасағаннан соң мынадай терезе пайда болады





Профильді ауыстыру үшін Баптаулар -> Шығу мәзіріне өтіп, ПРОФИЛЬДІ АУЫСТЫРУ батырмасын басыңыз




Ашылған мәзірден жаңа профильді ашыңыз да, орнатқан пин-кодты теріңіз.



Жаңа профильде қандай да арнаны бұғаттау үшін негізгі мәзірдегі Жеке Кабинет->Арналарды сұрыптау бөліміне кіру қажет. Арналарды бұғаттау үшін бұғатталуы тиіс арнаға нұсқап, жасыл түсті "БҰҒАТТАУ" батырмасын басыңыз. Батырманы басқаннан соң бұғатталған арнада  арнайы белгісі пайда болады.



Барлық пайдаланушы баптауларынан соң арналарды сұрыптау жөніндегі баптауларды сақтау үшін Сары түсті батырманы басыңыз.



Назар аударыңыз!

Екінші кезекте ашылған профильдердің барлық баптаулары негізгі профиль арқылы жүргізіледі.

- Пайдаланушы жаңа профильдің пин кодын бірнеше рет теріп көрсе, 15 минутқа бұғатталу жөнінде терезе ашылады

Информация

Ваш профиль заблокирован на 14:17

[ПЕРЕЗАГРУЗИТЬ](#)